

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер халқының арасында йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 23 қаңтар N 86

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 31 мамырда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер халқының арасында йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер халқының арасында йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттер Үкіметтері йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу мәселесіндегі ынтымақтастықтың маңыздылығын тани отырып,

йодталған тұз бен йодталған тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және сату кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін ұлттық мемлекеттік қадағалаудың өзара осал әрі өзара танылған жүйесі шеңберіндегі жұмыстарды жүзеге асыру қажеттілігіне орай,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу негіздерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы белсенді насихаттау қажеттігін атап айта келе,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер халқының арасында йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу жөніндегі келісілген саясатты жүзеге асырады.

2-бап

Тараптар йодталған өнімдердің құрамында йодтың бар-жоғын бақылаудың біріздендірілген әдістерін әзірлеу, сондай-ақ оны анықтау бойынша жабдық пен приборлар жасау кезінде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары қоятын талаптардың үйлесімділігі мен бірлігін қамтамасыз етеді.

3-бап

Тараптар халықтың арасында йод тапшылығы жай-күйін азайтуға бағытталған келісілген, ұйымдастырылған алдын алу іс-шараларын жүргізеді.

4-бап

Тараптар йодталған тұздар мен йодталған өнімдерді, құрамында йод бар препараттарды өндіруді, сатып алуды, сатуды, олардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды және өзге де йод тапшылығы ауруын азайту тәсілдерін реттейтін өзара келісілген шешімдерді әзірлейді және қабылдайды.

5-бап

Тараптар йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық құжаттармен, йодталған тұздар мен йодталған өнімдердің құрамында йодтың бар-жоғы жөніндегі қолданыстағы ұлттық нормативтермен, сондай-ақ йодталған өнімдердің жаңа түрлерін әзірлеу жөніндегі тәжірибемен, олардың құрамында йодтың болуы жөніндегі нормативтермен және бірыңғай бақылау әдістерімен алмасады.

6-бап

Тараптар йод тапшылығы ауруының мониторингі жүйесін әзірлеу мен енгізуді жүзеге асырады.

7-бап

Тараптар йодталған тұзды пайдалану жөніндегі ұсынымдарды, сондай-ақ йодталған өнімдерді пайдалану кезіндегі тамақтану жөнінде ұсынымдар әзірлейді және келіседі.

8-бап

Тараптар органдардың импортталатын йодталған тұз бен йодталған тамақ өнімдері мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру кезінде Тараптар мемлекеттері аумақтарында қолданылатын санитарлық ережелер мен нормативтердің басымдықтарын негізге алады.

9-бап

Тараптар импортталатын йодталған өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын экспорттер-елдің қажетті ілеспе құжаттарының: дайындаушының (берушінің) және жеткізуші елдің ресми уәкілетті органдарының сертификаттары мен (немесе) ерекшеліктерінің болуы оларды жеткізу мен сату үшін міндетті шарт болып табылатындығын белгілейді.

10-бап

Импорттер-елдің ұлттық талаптарына сәйкес келмейтін импорттық (экспортталатын) йодталған тұз бен йодталған тамақ өнімдері анықталған жағдайда Тараптар оларды одан әрі сатудың алдын алу үшін қажетті шаралар қабылдайды. Тараптардың Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары өнімдер жарамсыздығы фактілері туралы бір-бірін жедел хабардар етуге және сапасыз өнімдерді шығару себептерін тексеру жүргізуге тиіс.

11-бап

Осы Келісім өзі осыған қатысуға мүдделі және қосылу туралы құжатты депозитарийге беру жолымен осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді өзіне қабылдауға дайын өзге де мемлекеттердің оған қосылуы үшін ашық.

Осы Келісім қосылған мемлекеттер үшін депозитарийдің осы хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

12-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімнің 15-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

13-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

14-бап

Осы Келісім оның күшіне енгізілген күнінен бастап 5 жыл бойы қолданылады.

Бұл мерзім өткеннен кейін Келісім, егер Тараптар басқа шешім қабылдаса, одан арғы 5-жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

Әрбір Тарап шығуға дейін 6 айдан кешіктірілмей бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады.

15-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап, ал заңнамасы оны күшіне енгізу үшін қажет мемлекетшілік рәсімдерді талап ететін Тараптар үшін - тиісті хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптар осы Келісімге қол қойылған күннен бастап үш ай мерзім ішінде мұндай рәсімдерді орындау қажеттілігі туралы депозитарийді хабардар етеді.

2001 жылғы 31 мамырда Минск қаласында бір түпнұсқалы данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқалы данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесі осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жіберіледі.

Әзербайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Грузия Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғызстан Республикасының

Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Ресей Федерациясының

Тәжікстан Республикасының

Түркіменстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Украина Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК